

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 01 (495) 20 қаңтар 2021 жыл



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

САНДУҒАШ «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» АТАНДЫ

«Өткен жылдың төтті естелігі – Республикалық «Жылдың үздік студенті-2020» атанғаным. Марапаттау рәсімі Нұр-Сұлтан қаласындағы министрліктер үйінде өтуі тиіс болатын. Карантиндік шектеулерге байланысты марапатты жолдама арқылы алдым» дейді Сандуғаш.

2 БЕТТЕ

«БІРЛІК» АЛТЫН МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы ел бірлігін нығайту, бейбітшілік пен келісімді сақтау және рухани мәдениетті дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен марапатталды.

2 БЕТТЕ

ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Кезінде Қазақстанның жоғарғы оқу орындарынан ғылыми атағы бар оқытушы-профессорлар құрамын шақыруға мәжбүр болсақ, бүгінде бұл оқу ордасының ғылыми потенциалының жоғары деңгейде екендігіне риза болып, негізін өзім қалаған, жер кіндігі, қасиетті Түркістаннан бой көтерген «Қожа Ахмет Ясауи бабамның атындағы университетім – менің мақтанышым» дегім келеді.

4 БЕТТЕ

БАСТЫ БАСЫМДЫҚ – ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСАРТЫП, ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

Қасым-Жомарт Тоқаев VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты. Мемлекет басшысы сессияға қатысушыларды сайлаудың аяқталуымен құттықтап, жаңа құрамдағы Мәжіліс депутаттарына табыс тіледі. Өткен шақырылымдағы халық қалаулыларына ойдағыдай қызмет атқарғаны үшін ризашылығын білдіріп, кезекті үндеуін жариялады.

Президент құрамы жаңғырған жаңа Мәжілістің қызметке кірісуі еліміз үшін символдық мәні бар екі оқиғамен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Ол – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы мен қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмінің ширек ғасырлық белеске жеткені. Мемлекет басшысы осы тарихи кезеңде сенім мандатына ие болған депутаттар халық үмітін ақтап, Отанымызға адал қызмет ететініне сенім білдірді.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар жүргізілетін болады. Барлық күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыруымыз керек. Басты басымдық – халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, әл-ауқатын арттыру. Жұрт жасанды жетістіктерді емес, көзбен көріп, қолмен ұстайтын нақты нәтижені күтеді. Халық экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың жемісті болғанын қалайды. Біз осы мақсаттағы ауқымды жұмыстарға барлық белсенді азаматтарды тартамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көздеген мақсатқа жету үшін барлық салаларда дәйекті өзгерістер жасалатынын, ол үшін қандай басымдықтарға мән беруіміз қажет екенін айтты. Қазақстан Президентінің айтуынша, ең алдымен, құқықтық мемлекетті дамытуға және азаматтардың билік органдарына сенімін нығайтуға күш салу керек.

– Осы бағыттағы реформалар жүйені байыппен орталықсыздандыруды, мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды, квазимемлекеттік секторды оңтайландыруды және барлық үдерісті цифрландыруды қамтиды. Сол арқылы мемлекеттік аппарат барынша ықшам, ашық әрі тиімді, ал, шешім қабылдау үдерісі икемді және айқын болады. Азаматтардың құқықтары лайықты қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық

тұрғыдан даму мүмкін емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екінші басымдық ретінде күшті және инклюзивті қоғам құрудың негізгі құралы тиімді әлеуметтік саясат екенін айтты. Сонымен қатар әлем «білім экономикасына» қарай жылжып бара жатқанын атап өтті.

– Соңғы жылдары білім беру саласын реформалауда ілгерілеу бар. Сонымен қатар осыған дейін қордаланып қалған бірқатар мәселені шешу қажет. Өртүрлі әлеуметтік топтар мен аймақтар арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту – маңызды міндет. Бұл ретте қайта оқыту және қызметкерлердің біліктілігін тұрақты түрде жетілдіру бойынша жаңа саясат қажет. Осы мақсатта арнайы ұлттық жоба әзірлеп, іске асыру керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы отандық денсаулық сақтау саласын жаңғырту жұмысының аса маңызды екеніне тоқталды. Бұл мәселенің, әсіресе, пандемия жағдайында анық байқалғанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік қамсыздандыру саясатын қайта жаңғыртып, мемлекет көмекке мұқтаж азаматтарды қолдауға басымдық беруі тиіс екенін жеткізді. Әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі бағыттарының бірі – отандық зейнетақы жүйесі. Мемлекет басшысы аталған жүйенің әділетті, тұрақты, халықтың мүддесіне сай құрылуы қажет екенін атап өтті.

Ұлттық экономика тұрақты дамымай, халықтың әл-ауқатын арттыру мүмкін емес. Президент белгілеген басымдықтың бірі осы.

– Еңбек нарығының тез өзгеруін ескере отырып, жұмыс күшінің өнімділігі төмен секторларды экономиканың неғұрлым өнімді бағыттарына бет бұруын қолдау қажет. Бұған дейін айтқанымдай, еліміздің өнеркәсібі икемді және қазіргі өзгерістерге бейім болуы керек, – деді Қасым-Жомарт



Тоқаев. Аумақ пен кеңістік тұрғысынан еліміздің теңгерімді дамуы басты басымдықтың бірі. Бұл ретте барлық өңірлерді біртұтас экономикалық кеңістік арқылы байланыстыратын аса маңызды салаларды дамытуға баса назар аударылады.

– Өңірлерді, қалаларды, аудандар мен ауылдарды өзара байланыстыратын инфрақұрылымды жақсартуға басымдық беріледі. Жаңа стандарттарға сәйкес 3500-ден астам ауылды жаңғыртамыз. Айналасындағы елді-мекендердің тірегі саналатын әрбір ауылға баратын жолдар мен республикалық маңызы бар күре жолдар 100 пайыз жөнделеді, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай жетілдіру үшін бюджеттік рәсімдерді жеңілдетіп, өкілді және атқарушы органдардың дербестігін арттыру маңызды екені де айтылды.

Қазақстандағы реформалардың басты бағытының бірі – саяси жаңғыру.

– Менің негізгі ұстанымым – қоғамдағы барлық өзекті мәселелер, ең алдымен, Парламентте талқылануға тиіс. Қоғам өкілдері мен сарапшылар заң жобаларын дайындау ісіне барынша атсалысуы керек. Азаматтардың наразылығын туғызуы мүмкін даулы мәселелер бойынша тиімді кері байланыс орнату – басты талаптың бірі. Парламенттің алдында маңызды екі міндет тұр. Бұл – сапалы заңдар қабылдау және өзекті мәселелердің шешімін табатын орталыққа айналу, – деді Мемлекет басшысы.


Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент – ел мүддесі үшін аянбай қызмет ететін қайнаған жұмыс ортасы деді. Сонымен қатар депутаттарға халқымыздың оң өзгерістер күтетінін әрдайым есте ұстаған абзал екенін айтып, шешім қабылдау кезінде асқан жауапкершілік таңытуға шақырды. **15 қаңтар, 2021 жыл**

РЕКТОР ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



КӨКТЕМГІ СЕМЕСТРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ СТУДЕНТТЕРМЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ

Университет ректоры Болатбек Абдрасилов көктемгі семестрде оқу процесін ұйымдастыру мәселесіне қатысты студенттермен онлайн кездесу өткізді.



Университетімізде оқу процесі сатылы түрде дәстүрлі (офлайн) форматқа ауысатын болды. Аталмыш жаңалыққа сәйкес Білім және ғылым министрлігі тарапынан арнайы бұйрық қабылданды. Онлайн кездесу Youtube каналы, Instagram және Facebook парақшалары арқылы тікелей эфирде жолданды. Студенттер көкейлеріндегі сауалдарын қойып, тұщымды жауаптарын алды. Оқу процесі мен жатақхана, кітапхана мәселеріне қатысты сұрақтарға жауап берді. Барлық мамандықтар бойынша 1-курс студенттері толық университетке келіп, аралас форматта оқиды. Яғни, лекция мен семинар сабақтар онлайн, ал практикалық және лабораториялық сабақтар аудиторияда дәстүрлі түрде өтеді.

Сонымен қатар, медицина, стоматология, өнер, инженерлік мамандықтарының жоғары курс студенттері аралас форматта оқитын болады. Басқа мамандықтар бойынша қашықтықтан оқыту жалғасады.

Жатақханаға орналасу ережеге сәйкес санитарлық талапқа бағынып, 50%-дық сыйымдылықпен жүзеге аспақшы. Студенттерге санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын сақтай отырып, маскамен келу міндеттелді. Аудиториялар үнемі бақылауда болып, арнайы құрылғылармен зарарсыздандырылады.

Сондай-ақ, оқу орда басшысы Б.Абдрасилов университеттің шетелде мамандар даярлау бағдарламасы бойынша Түркия елінде білім алып жүрген докторанттармен де онлайн кездесу өткізді. Қазіргі таңда, экология, компьютерлік инженерия, білімді бағалау мен басқару, медицина және т.б. мамандықтар бойынша 18 докторант Гази, Хаджи Байрам Вели, Ерджиес секілді жетекші университеттерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Кездесу барысында, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ модернизациясының негізгі бағыттары мен докторанттардың ғылыми жұмыстарына қойылатын жаңа талаптар туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар, докторанттардың оқуы аяқталған соң университетіміздегі карьералық перспективалары мен білім және ғылым саласындағы халықаралық коллаборацияны дамыту мәселелері талқыланды.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ



«БІРЛІК» АЛТЫН МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Таяуда Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен Уинверситетіміздің филология факультеті Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Гүлімжан Жылқыбай Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен марапатталды. Бұл жоғары мемлекеттік награда Қазақстан Республикасының ел бірлігін нығайту, бейбітшілік пен келісімді сақтау және рухани мәдениетті дамытуға қосқан үлесі үшін беріліп отыр. Құттықтаймыз!

«БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» КАФЕДРАСЫНДАҒЫ ЖЕМІСТІ ЖЕТІСТІКТЕР

Еліміздегі Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Халықаралық жоғары оқу орнымызда тағы да айтарлықтай шығармашылық жетістіктерге қол жеткізді. Жуырда Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің құрылуына 85 жыл толуына орай мәдени және ұлттық дәстүрді жаңғырту, дарынды дизайнерлер мен суретшілерді қолдау мақсатында ұйымдастырылған Халықаралық «ART-YURTA» көрме-байқауы өткізілген болатын.

Байқауға сәндік қолөнер номинациясы бойынша қатысқан Спорт және өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ержан Әуелбеков 1-орын иеленді. Оның жетекшілігімен байқау додасына қатысқан Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтарын даярлау білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты Қалия Мамырайм 2-орын алды, ал кескіндеме номинациясы бойынша байқауға қатысып шеберлік танытқан кафедраның аға оқытушысы Мұрат Шаханбаев 3-орынды қанжығасына байлады. М.Шаханбаев өзі жетекшілік еткен студенті Диер Нышановпен бірге Түркістан қаласында өткен «Жастар нашақорлыққа қарсымыз» онлайн плакаттар байқауында I дәрежелі дипломын және п.ғ.к., доцент Ж.Бейсенбековтің жетекшілігімен Ұлбосын Әсілхан 2 орынды иеленді. Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Алаш өнер орталығы» ұйымдастыруымен XI Халықаралық «Alashstar» өнер байқауында бейнелеу номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Тайбек Назерке бас жүлдені иемденіп, Халықаралық конкурсқа 50% жеңілдікті ұтып алды. Жетекшісі М.Шаханбаев құрмет грамотасымен марапатталды.

Башқұртстан жеріндегі Башқұрт мемлекеттік университетінің (Стерлитамақ қаласы) ұйымдастыруымен өткізілген «Страна мастеров» атты Халықаралық шығармашылық конкурсқа қатысқан Е.Әуелбеков 1-орынға қол жеткізді, ал декан орынбасары аға оқытушы Ермек Мамбетаев, магистр оқытушы Мереке Айдарша 2-орындарды иеленді. Осы конкурста бақ сынаған Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 3-курс студенті М.Қайратта (жетекшісі Е.Б.Әуелбеков) 1-орын алып, университетіміздің мәртебесін асқақтатты.

Сонымен қатар, ҚР «Bilim-orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ҚР Білім және ғылым саласының дамуына қосқан үлесі үшін ҚР педагогтарының «Алтын төсбелгісімен» п.ғ.д профессор Тәңірберген Медеубек марапатталды және куәлік берілді. Медеубек Жұматайұлы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Дарынды оқушылардың қабілетін айқындау, дамыту жобасы аясында өткен «Қазақстан педагогтарының Алтын кітабы» атты республикалық байқауға қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ал «Asia Education» Халықаралық дамыту орталығы ұйымдастырған «V Халықаралық ғылыми зерттеу жұмыстары мен жобалар» атты оқушылар мен студенттерге және жас зерттеушілерге арналған байқауының «Гуманитарлық бағыт» бойынша, «Оқушылардың техникалық шығармашылығы» тақырыбымен студентін қатыстырып, жеңімпазды дайындағаны үшін Абдуллаева Гульнар марапатталды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Евразиялық Дизайнерлер Одағы (Нұр-Сұлтан қаласы) қолөнер дизайны саласына қосқан үлесі үшін қауымдастырылған профессор Е.Әуелбековтің «Дизайн саласындағы жетістіктері үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Спорт және өнер факультетінің жетістіктерге жеткен педагог-суретшілерін, магистранттары мен студенттерін шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілейміз!



ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

САНДУҒАШ «ЖЫЛДЫҒЫ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» АТАНДЫ

Жуырда университетіміздің Әлеуметтік ғылымдар факультеті, журналистика мамандығының 2-курс студенті Қазақстан Республикасы жастар саясатына қосқан үлесі және дарындылығы мен көшбасшылық қабілеті үшін «Жылдың үздік студенті» атты төсбелгісімен марапатталып, I дәрежелі диплом мен медаль алды.

Байқау «BILIM-ORKENIETI» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының және ҚР Білім Министрлігінің қолдауымен өтті. Жеңімпаз есімі «Қазақстанның үздік студенті-2020» халықаралық байқауының жинағында жарық көретін болады. Сандуғаш мектеп қабырғасында үздік оқушы болса, университетте ізденімпаз студент.

«Өткен жылдың тәтті естелігі – Республикалық «Жылдың үздік студенті-2020» атанғаным. Марапаттау рәсімі Нұр-Сұлтан қаласындағы министрліктер үйінде өтуі тиіс болатын. Карантиндік шектеулерге байланысты марапатты жолдама арқылы алдым» дейді Сандуғаш. Белсенді білімгер Сандуғашты марапатымен құттықтаймыз!



ЯУ-ақпарат

СҮЙІНШІ!

Университетіміздің Дайындық бөлімінің білімгері Бекболат Тілеуберген «Асыл мұра» бағыты бойынша үздік жас волонтер атанып, «жыл үздігі – 2020» премиясымен марапатталды.

«Асыл мұра» волонтерлердің мәдени-тарихи мұраның қорғалуы мен сақталуына мүмкіндік беретін жоба. Айта кетейік, өткен жылды Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев «Волонтер жылы» ретінде бекітуіне байланысты, байқау үздік волонтерлерді қолдау мақсатында 12 аталым бойынша жүргізілді. «Жыл үздігі» премия-байқауы 10 жылдан бері өткізіліп келеді. Аталған он жыл ішінде 200-дей жас көшбасшы марапатталды. Көп ішінен дара шығып, жеңіс тұғырынан көрінген студенттерімізді құттықтаймыз!



ДЗЮДОШЫЛАР ЖЫЛДЫ ТАБЫСТЫ АЯҚТАДЫ

«Түркістан-арена» орталық стадионында университетіміздің спортшы студенттері марапатталды.

Жиынға университет ректоры, Түркістан облыстық дзюдо федерациясының президенті Болатбек Абдрасилов және I вице-президент Жәңгіз Томар, Түркістан облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Қ.Жолдықараев және басқарма орынбасары А.Бердашев, бапкерлер мен спортшылар қатысты.

Жиында Түркістан облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Қ.Жолдықараевтың есебі тыңдалды. Есепте облыстың спорт саласы жылды табысты аяқтап жатқаны мен алдағы жылдары өтетін Олимпиада дайындық мәселелері де айтылды.

Дзюдо күресінен Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасының

біріншілігіне қатысып, жүлделі орындарға ие болған университетіміздің мақтаныштары — жеңімпаздар Хамза Дидар мен Севара Нышанбаева, 3-орын иегері Нуридин Ерахан және 2-орын иегері Жақыпбекова Перизатты университет ректоры Болатбек Абдрасилов және I вице-президент Жәңгіз Томар жеңістерімен құттықтап, марапаттады.

Басқосуда чемпиондарға және бапкерлерге ректор Б.Абдрасилов университетіміздің Өкілетті кеңес төрағасы М.Шимшектің құттықтауын жеткізіп, университет басшылығы атынан алғыс хат және қаржылай сыйлық табыстады. Сонымен қатар үздік бапкерлер де қалыс қалмады. Бабы келіскен спортшылардың бапкерлеріне арнайы марапаттар табысталды.





Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

АЛТЫНАЙ МАЛИКАЖДАР:

«МЕНИҢ АРМАН, МАҚСАТТАРЫМ ЕМЕС АЛҒА ҚОЙҒАН ЖОСПАРЛАРЫМ БАР»



- Оқушы кезіңізде Республикалық «Ұлан» газетінің жас тілшісі атанған екенсіз. Ресми түрде тілші куәлігін алғанда қандай әсерде болдыңыз?

- Иә, мектеп қабырғасында жүрген сәтте «Ұлан» газетімен достасып, тығыз байланыста болдым. 9-10 сыныпта оқып жүрген кезімде өзімнің сұхбаттарымды белгілі бір республикалық басылымға жариялау қажет болды. Менің анам мектепте кітапханашы болып жұмыс жасайды. Сол кезде анама «Сұхбаттарым мен мақалаларымды өзге де газеттерге жариялауым керек. Өзге қандай басылымдарды білесіз?» - деген болатынмын. Ал оған дейін аудандық, облыстық газеттерге, республикалық «Жас ғалым», «Мөлдір бұлақ» журналдарына жазып жүретінмін. Сонымен инстаграмды аштым да республикалық газеттердің парақшаларын іздей бастадым. «Ұлан» газетінің парақшасы (balamendana) көзіме оттай басылды. Міне, сол кезден бастап «Ұлан» газетімен дос болдым. Келесі жылы форумна шақырту алдым. Осы жылы да аталмыш форумға қатысқан болатынмын және алдыңғы жылы 2019 жылдың желтоқсанында маған хабарласып, «Жас тілші» куәлігін табыстайтынын айтты. Әрине, өте қатты қуанышты сезімде болдым. Сол сәтті айтып жеткізу мүмкін емес. Себебі, ол куәлікті алғаннан кейін журналистік жауапкершілігіңіз одан сайын арта түседі. Сіз енді газеттің форматына сай, грамматикалық қателіктерсіз мақалалар жіберуіңіз керек. «Жас тілші» куәлігін алғаннан кейін тағы бір атап айтарлық тұс – сіз кез-келген театрларға, іс-шараларға тілші куәлігіңізді көрсетіп, тегін кіре аласыз.

- Газетте жұмыс жасау ҰБТ-ға дайындығыңызға кері әсерін тигізген жоқ па?

- Шынымды айтсам, ҰБТ-ға дайындық барысында мен газеттерге аса қатты көп мақала жолдай қойған жоқпын. Тіпті, белсенді оқырман бола алмадым деп айтсам болады. Себебі, өздеріңіз білетіндей, мектеп бітіруші түлектің сабақ кестесі одан сайын күрделене түседі. Әсіресе, ҰБТ жақындаған сәтте. Оның үстіне менде график өте

Алтынай Маликаждар – Түркістан облысы Сарыағаш ауданының тумасы. «Балапан жыр, балғын ойлар» кітабының авторы. Республикалық «Ұлан» газетінің жас тілшісі. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Ел үміті» сыйлығының иегері, Халықаралық «Үркер-2019» байқауында бас жүлде, «Хан Назар» республикалық балалар фестиваль-байқауында жүлделі 1-орынды қанжығасына байлаған. Республикалық «Жас ғалым» журналы ұйымдастырған «Жас қаламгер» байқауында «Жас қаламгер» медалімен марапатталған. Халықаралық «Ұлы дала дарыны» байқауының бас жүлдегері, бүлдіршіндер мен мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған III Республикалық «Ұлы дала ұрпағы» өнер-білім байқауында вокал жанры бойынша 1-орынды иемденген. Мектепті алтын белгімен тәмамдап, ата-анасының үкілеген үмітін ақтаған Алтынай қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1-курс студенті.

Жас та болса бас болып, өнерімен талайдың таңдайын қақтырған Алтынай Маликаждармен сұхбаттасудың сәті түскен екен. Соны назарларыңызға ұсынамын.

тығыз болды. ҰБТ-ға дайындалатын пәндерден бөлек басқа да жобаларым болатын. Мысалы, кездесулер, әр түрлі іс-шаралар, форумдар болатын. Тек айына 1-2 мақала жіберіп жүрдім. ҰБТ-ға назар аударуым керек. Бірақ газеттен қол үзіп қалдым деп айтуға келмес. Мақаланы мейлінше жіберуге тырыстым. Сонымен, ҰБТ-ны тапсырып болғаннан кейін «Ұлан» газетіне ғана емес, басқа да газеттерге мақала жолдай бастадым. Жалпы бұл дайындығыңызға кері әсерін тигізген жоқ па деген сұрағыңызға нақтылай айтқанда аса қатты әсерін тигізген жоқ. Себебі, біздің мамандығымыз журналистика болғандықтан міндетті түрде мақаламен жұмыс жасау қажет. Мақала жіберу керек, жазу керек, өңдеу керек. Сондықтан керісінше бізде шығармашылық емтихан тапсыратын кейбір оқушылар мақала жазуды 11-сыныпта бастады. Алдында шығармашылық емтихан барын, онда көбіне мақалаларды қарайтынын сол кезде ғана біліп, бастағандар болды.

- «Балапан жыр, балғын ойлар» кітабының авторы екенсіз. Осы бір алғашқы төл туындыңыздың шығу тарихы жайлы айта кетсеңіз?

- Ол кітаптың шығу тарихы ұзақ деп айтсам да болады. Себебі 10- сыныпта оқып жүрген кезде маған үлкендердің тарапынан ұсыныс түсті. Зұпар Смаилов деген ақын атамыз болатын. Ол кісінің де бірнеше кітаптары жарық көрген. Қысқасы сол атамыз маған: «сенің кітабыңды шығарайық, осы уақытқа дейінгі жасап келген жұмыстарыңның барлығын сол кітапқа біріктірейік» - деді. Менің анам да, әкем де оған қуана келісті. Сонымен шамамен бір жылдан аса кітаптың басылып шығуына дайындалдық. Яғни, кітапқа қандай мақалалар, қандай өлеңдер, әңгімелер, новеллалар кіретінін ойластырып, соның барлығын компьютерде теріп, грамматикалық, пунктуациялық қателер бар-жоғын қадағалап, бақыладық. 1-1,5 жыл өткен соң 11-сыныпта оқып жүрген кезде 2019 жылы жазда сол кітап шықты. Алғашында тек қана бір нұсқасы жарық көрді. Сосын біз тағы да бір тексеруден өткіздік. Біршама уақыттан соң, еңделіп кітап басылып шықты. Әрмен қарай оның тұсаукесерін ұйымдастырдық. Өте көп қонақтар келді. Зұпар атамыз да келіп, ақ батасын беріп, өз қолымен кітаптың тұсауын кескен болатын.

- Болашақ арман, мақсаттарыңыз қандай?

- Менің арман, мақсаттарым емес алға қойған жоспарларым бар. Себебі сенің қандай да бір идеяң болмасын барлық нәрсеге армандап емес, жоспар түрінде қарау қажет. Қазіргі басты жоспарым – жоғары оқу орнын үздік тәмамдау.

Сонымен қатар тек оқып қана қоймай қарым-қабілетімді дамытып, жобалар ұйымдастырғым келеді. Қазір менде бір жоба бар. Ол жуық арада инстаграм желісінде жарық көретін болады. Сонымен қатар, мен live-сұхбат яғни тікелей эфирде сұхбаттар жүргіземін. Біраз қонақтың тізімі жасалды. Олардың барлығымен тікелей эфир өткізіп, бұйыртса үлкен жобаға айналдыру жоспарда бар. Сондай-ақ тағы бір жоба бар. Оны қалай айтсам болады? Әлі ол жобаға фундамент болған жоқ. Бірақ бұйыртса шығады. Әзірге жоспарларымның көбісі сабақпен болып жатыр. Оның үстіне 1-курс пен 1-курсардың сабағы онлайн форматта өтуде. Мұның барлығы кері әсерін тигізетіні рас. Жобаның кімдерге арналатыны әзірге құпия болып қалсын.

- Бірқатар байқаулардан вокал жанры бойынша жүлделі орындардан көрініп жүрген көрінесіз. Болашақта үлкен сахналарда ән айтқыңыз келеді ме?

- Иә, расында да менің ең алғашқы қадамым вокалдан басталды. Ән айтып жүрдім. Мектепте 2-сыныпта Айгөлек деген конкурс болды. Сол конкурстан кейін өзімді дамытып, вокал үйірмелеріне қатыстым. Түрлі конкурстар шықты. Солардың барлығына қатысып жүрдім. Ал, 4-сыныпқа келген кезде мақалалар, өлеңдер жазып, журналистік қабілетім ашыла бастады. Сонымен, 6-сыныпта нақты журналистиканы таңдаймын деп шешім қабылдадым. Әрмен қарай журналистика бойынша жұмыстарымды бастадым. Бірақ әзірге үлкен сахналарда өнер көрсету жоспарымда жоқ. Егер шақыртулар болып жатса, әрине, қарсы емеспін. Бірақ мектепте оқып жүрген кезде журналистикадан бөлек ән байқауларына, мысалы, үлкен ашық алаңдарда өтетін, Open air дейді ғой, сондай концерттерге шақырту болатын. Ал негізгі мақсат, жоспарым өзімнің мамандығым журналистика бойынша өзімді дамытсам деймін. Себебі, өз саланды дұрыстап соңына дейін жеткізбей жатып, басқа салаға бет бұру үлкен қателік. Сондықтан ең бірінші кезекте мамандығым бойынша білімімді жетілдіріп, қарым-қабілетімді ашқаннан кейін үлкен сахналарға шығу қайырлы деп ойлаймын.

- Әсерлі сұхбатыңызға көп рахмет. Шығармашылығыңызға толағай табыс пен шалқыған шалқар шабыт тілеймін. Алар асуларыңыз, шығармашылық бәлестеріңіз көп болсын.

Сұхбаттасқан: Гүлжан НИЯЗОВА
Түркістан қаласы
ХҚТУ, журналистика 1-курс

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ҚҰРДАСЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗГЕ - 30 ЖЫЛ!

«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ТҮРКІСТАНДЫ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ОРТАҚ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНА АЙНАЛДЫРАДЫ».

Н. Ә. Назарбаев

ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ

Тікелей Елбасымыздың 1991 жылғы 6 маусымдағы Жарлығымен Түркістан Мемлекеттік университеті ашылып, оған Қожа Ахмет Ясауи есімінің берілуі тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде үлкен құбылыс, тарихи оқиға болды. Уақыт неткен жүйрік десеңізші! Сол кезеңде, университеттің алғашқы ректорлығына ұсынылғанымда ерекше толғаным, тебіреніс құшағына бөленгенімді өмір бойы жасыра алмаймын. Ата-бабаларымның құтты мекені болған қасиетті топырақта, жаңадан қолға алынған ұлы істің басында болу кімге болса да, үлкен бақыт еді! Сондықтан, үлкен сеніммен тапсырылған, жауапкершілігі аса зор жұмысқа құлшына кірістік.

Университетті ашу алдындағы жүргізілген дайындық жұмыстары, әртүрлі алып-қашпа жел сөздер, барлық қиындықтарға шыдауға белді бекем буып, Түркістан топырағына нық сеніммен қадам басқан ерекше жігерлі ниеттес ғалым жігіттер...

Қазір мен олардың есімдерін үлкен құрметпен, шыннайы сезіммен еске аламын. Олар – х.ғ.д., профессор Б. Жаңабаев, э.ғ.д., профессор А. Ищанов, ф.ғ.д., профессор Б. Байтанаев, х.ғ.д., доцент Ә. Есалиев, тағы басқалар. Көп ұзамай бұл шағын топқа белгілі ірі ғалымдар келіп қосыла бастады – олар ғылым докторлары, профессорлар М. Мырзахметов, А. Баешов, Б. Бекмұратов, С. Шалхаров, Б. Керімбеков, Т. Байтөлеев, Т. Ағдарбеков, С. Мадуанов, М.Ержанов, М. Әбілтайн, Р. Вахидов, А. Аширов, Ж. Оңалбек, Б. Мұхамеджанов және тағы басқалар. Бұл аталған ниеттес ғалым-бауырларымның университетіміздің қаз тұруына, қазіргі дәрежеге жетуіне сенім ұялатқан, қаншама шаршап-шалдықсақ та азаматтық энтузиазмның туын асқақтата көтеругімізге дем берген туған елге, жерге деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік деп білемін.

Осындай іргелі оқу орнын қалыптастыруға және құруға басшылық еткен адам ретінде, жоғарыда аттары аталған әріптестеріме және университеттің қарыштап қадам басуы жолында аянбай еңбек еткен барша азаматтарға, (бақилық болып кеткендеріне, топырағың торқа болсын деймін) ширек ғасырдан астам уақыт өткенін ескере отырып, алғыс сезімді білдіремін.

Рас, білім ордасының бой көтеруі жолындағы алғашқы кездер оңай болған жоқ. Отыратын кабинеттеріміздің жетіспегенін немесе жабдықталмағанын айтпағанның өзінде, моральдық жағынан да әртүрлі мәселелердің кез-келген уақытта кесе-көлденеңдеп тұрып алғанын жасыруға болмайды.

Ол кезде Түркістан қаласы әлеуметтік-экономикалық даму жағынан тұралап қалған елді мекендердің бірі болатын. Ашылып жатқан оқу орнының болашағын көзге елестетудің өзі қиын еді! Тақыр жерге егін еккенмен бірдей тірлікті, еліміздің тұңғыш Президенті өзі бас болып, ары қарай жұмыстың журуін қадағалап отырды. Соған сәйкес, жергілікті жердің, облыстың, республиканың сол кездегі басшылары барынша көмектесуге тырысты.

Университеттің осы деңгейге жетуіне, Елбасымызбен бірге үнемі көмек беріп отырған Түркияның жоғары білім беру кеңесі, Білім министрлігі, ең ірі университеттері, Әкілетті кеңесі болды. Солардың азаматтық қолғабыстарының нәтижесінде университет оқытушы-профессорларына арналған соңғы үлгідегі кең де жарық, жайлы тұрғын үйлер де бой көтеріп, дәмді тағамдар дайындайтын асхана, Шығыс үлгісінде салынған жатақханалар, өсем кітапханалар құрылысы басталды. Олардың бәрі де бітіп, бүгінде оқытушы-профессорларға арналған коттеждер, әлем архитектурасымен теңесетін әсем оқу корпустары, мәдениет сарайлары, жаңа ғана пайдалануға берілген зәулім ғимаратты кітапханалардың өзі неге тұрады?

Әлі есімде, 1992 жылғы сәуір айында Түркияның сол кездегі Премьер-министрі, кейіннен Президенті болған Сүлеймен Демирел, Түркістанға бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне зиярат етуге келді. Бұдан үш ай бұрын мен Түркияда болған едім.

Анкарада С. Демирелдің бас кеңесшісі Намык Кемал Зейбекпен кездестім. Ол кісі жақсы білетін Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековтен сәлем айттым. Әңгіме соңында: «Өзіңіз жақында Түркістанда болып қайттыңыз, қазір сол қалада бабамыздың атын қойып, университет ашылды. Егер сол университет Алматыда, Анкарада немесе Ташкентте орналасқан болса, оның мұншалықты мәні болмас еді. Тарихтан белгілі, түркілердің ең осал тәрізі – олардың басын қосу қиын. Келешек ғасырда түркі бірлігін белгілейтін қазіргі жастар болады. Сондықтан, ұлы бабамыз Ясауидің мекені болған Түркістанның қасиетін пайдалана отырып, университетті ортақ оқу орнына айналдырайық. Онда күллі түркі дүниесінің түкпір-түкпірінен келген талапты жастарын оқытайық. Олар түркілер бірлігінің негізі болады. Түркі дүниесінің келешегі соларға байланысты. Сондықтан ортақ рухани астанамызда орналасып, ортақ Ұлы бабамыздың атын алған университет екі елге ортақ – Халықаралық қазақ-түрік университеті біздің халықтарымыз үшін бұл бір тарихи құбылыс болар еді» - дедім.

– «Бұл ойыңызды мен толық құптаймын» - деді бірден Н.К.Зейбек мырза. Түркі халықтарының бірлігі туралы көп толғанатынын, әсіресе «ата жұрт» - деп аталатын



Қазақстанмен достастықты дамытуда армандап жүрген азамат екенін, бұл мәселені Сүлейман Демирелдің алдына қоятынын, ол кісіні ортақ Халықаралық қазақ-түрік университетін ашуға көңілдіретінін айтты.

Ұзаққа созылған әңгімеміз көңілден шығып, екеуміз де қалған бар өмірімізді туысқан түркі халықтарының достық қарым-қатынасын өркендетуге жұмсап, қолымыздан келгенінше қызмет етуге уәделестік. Бір-бірімізге ант бергендей құшақтасып қолтастық. Күллі түркі дүниесінің ынтымағы, бауырластығы жолында неше түрлі қиындықтарды жеңіп адал қызмет етіп жүрген Намык Кемал Зейбек мырзамен бірінші кездесуім осылай болды.

1992 жылғы 30 сәуірде Түркияның Премьер-министрі Сүлейман Демирел мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Түркістанға келді. Аэропортқа олар үш ұшақпен қонды. Оның біріншісінде журналистер, екіншісінде шығарып салушылар, ал үшіншісінде қос Президент болды.

Қазақстан мен Түркия Президенттерінің қасиетті қаламызға сапары қарсаңында мен Сарыағаштағы қурортта демалып жатқан Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековпен жолығып, Президент Нұрсұлтан Назарбаевты тікелей өзі ашқан университеттің түркі халықтарына ортақ Халықаралық қазақ-түрік университеті болып өзгеруіне қалай қарар екенін біліп берсеңіз, деп өтініш еткен едім. Ол кісі уәдесін берген. Досым Намык Кемал Зейбек мырза Сүлейман Демирелді көндіруге сөз берген.

Осы сапарда С. Демирел мырзамен бірге келген Премьер-министрдің Бас кеңесшісі Н.К. Зейбек сөзінде тұрып, С. Демирел мырзаның Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу жөніндегі идеяны қуана қолдағанын, М. Жолдасбеков болса, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл ұсынысты бірден мақұлдағанын айтты. Кейін ойлансақ, тұңғыш Президентіміз Түркістанда университет ашқан кезде тереңнен толғанып тапқан өз идеясының осылайша өріс алатынын білген екен...

Президенттер келгенде, қазіргі Қазыбек би көшесінің қос қапталында қос Президент пен оларға еріп келген кісілерге студенттер қошемет көрсетті. «Нұрсұлтан аға, өзіңіз ашқан университетке келуіңізді өтінеміз!», деген өтініш жазылған сөздер ерекше көзге түсті. Себебі, облыс әкімшілігінің жоғарыда екі ел басшыларының университетке соғу, студенттермен, оқытушы-профессорлармен кездесіп, әңгімелесу жоқ болатын. Алдында менің ұсынысым қабылданып, бағдарламаға енгізілген болатын. Кейіннен біреулердің араласуымен алынып тасталған. Іштарлық қой... Ал, бізге олардың университетке келуі ауадай қажет еді.

Қос елдің басшыларына еріп жүрген сол кездегі облыс әкімі М. Үркімбаев «Президенттер сапарының бекітілген жоғары бұзасыз ғой» деді. Ұлы бабамыздың мавзолейіне қос Президент зиярат етіп болған соң мені М.Үркімбаев іздетті.

– Арманыңа жеттің. Ал, енді Президенттерді күтіп алуға дайынсың ба? - деді ол бірден.

Университетке ұжымы мен студенттер үшін Елбасымыз ауылға табан тірегенде соқпай, кездеспей қалу ауыр тиетін болғандықтан, бұл дайындыққа біздер алдын-ала мұқият кіріскен едік. Сонымен, Президенттер «Керуен сарайда» түстенен соң университетке келді. Біз үшін бұл естен кетпес тарихи оқиға болды: «Ал енді мына кісіге университет туралы жақсылап айтып бер, соңынан өтінішінді айтарсың, - деді Нұрсұлтан Әбішұлы жылы жүзімен. Байқағаным, «Шешіп бердім ғой бар» - дегендей шырай білінеді.

Шынымды айтайын, менің жүрек толғанымда шек болған жоқ. Әлі есімде, түркі халықтарының бірлігі

жөніндегі жан-толғанымды айта келе, баршамызға бабамыздың есімін алып, бәрімізге ортақ тарихи астанада орналасқан университет енді Халықаралық қазақ-түрік университетінің статусына ие болса деген мәселеге тоқталдым. Ол кісі бұл сөздерді бірден құптады. Осы басқосуда университет студенттері түрікше өлеңдер айтып, қонақтармен түрікше сөйлесті. Қонақтар дән риза болды. Университетке Халықаралық статус беру жөніндегі жоба қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде әрқайсысы бес данадан алдын ала жасалып қойылған болатын.

- Сіздің азаматтарыңызға сенейін. Бір өтінішімді орындаңыз. Мына жобаны Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей өз қолына тигізіңіз, - дедім Президентіміздің сол кездегі көмекшісі Қарағандыдан бірге жүрген досым Хайролла Қабжановқа. Ол уәдесін берді.

Арада екі күн өткенде республикалық газеттерде Түркістан Мемлекеттік Университетіне Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті статусы берілгендігі жөнінде хабар жарқ ете қалды. Осылайша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы Келісімге қол жетті.

Оған Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, ал Түрік Республикасы үшін Сыртқы істер министрі Хикмет Четин қол қойды. Сөйтіп, оқу орнымыз Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп атала бастады, түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық университет ашылып, өз статусына ие болды. Көп ұзамай, ҚР Білім министрінің бірінші орынбасары В.Т.Корольков екеуміз Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы екі министрлік арасында келісім-шарт жасасу мақсатымен Түркияға бардық.

Дәл қазіргі жағдайда, кезінде шаңға оранған Түркістанның қақ ортасында күмбезі көкпен таласын, еңсесі асқақ көрініп, өзін әлемге мойындата бастаған университеттің өсіп-өркендеуі, материалдық-техникалық базасының нығая түсуі, Түркия Республикасы тарапынан, Өкілетті кеңес тарапынан беріліп отырған нақты көмектің арқасында, сонымен қоса, менен кейін университетті басқарып келе жатқан басшылардың ерен еңбегінің арқасы, оқытушы-профессорлардың жеткен жетістіктерінің нәтижесі дер едім.

Бүгінде университеттегі түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағы жолында кезінде жасалған алғышарттар нәтижесінде бүкіл түркі дүниесінен, Түркиядан, Монғолиядан, Қытайдан, Египеттен, Пакистаннан, Өзбекстан мен Қырғызстаннан, Америка құрама штаттарынан келіп оқып жатқан студенттерді көріп көзің тояды, олардың өзара ынтымағына көңілің сүйсінеді.

Кезінде Қазақстанның жоғарғы оқу орындарынан ғылыми бар оқытушы-профессорлар құрамын шақыруға мәжбүр болсақ, бүгінде бұл оқу ордасының ғылыми потенциалының жоғары деңгейде екендігіне риза болып, негізін өзім қалаған, жер кіндігі, қасиетті Түркістаннан бой көтерген «Қожа Ахмет Ясауи бабамның атындағы университетіміз – менің мақтанышым» дегім келеді.

Мұрат Жұрынұлы Жұрынов университеттің тұңғыш ректоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының президенті, академик

(«Ясауи университеті» газетінің 31-наурыз 2016 жылғы 06(414) санынан ықшамдалып алынды)

САРҒАЙСА ДА ГАЗЕТТІҢ АҚ ПАРАҒЫ, ӨТКЕН КҮНДЕР ТАРИХ БОЛЫП САҚТАЛАДЫ

Биылғы жылы ел Тәуелсіздігімен төл құрдас Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне 30 жыл толып отыр. Осыған байланысты оқу ордамыздың алғашқы күннен бастап іргетасын қалаған, ғылым мен білім негізін салған оқытушы-профессорлардың университет жайлы жылы лебіздерін газет бетіне жариялауды жөн көрдік. Бүгінгі күн ертеңгі

тарих. Оқу ордамыздың кемел болашағы жолында тер төгіп, еңбек еткен аға-апалардың еңгімелері оқырмандар үшін құнды естелік болары сөзсіз. Халықаралық деңгейде жоғары сұранысты талап ететін мамандар тәрбиелеуде өзіндік қолтаңбасы бар жоғары оқу орындарының бірегейі саналатын университетіміздің 30 жылдық мерейлі мерекесі құтты болсын!

Түркі әлемінің ортақ оқу ордасына - 30 жыл!



ӨМІР БОЙЫ МАҚТАН ЕТЕМІН

Университет ашылған алғашқы күндерден қызметке келгендердің бірі мен едім. Университет кәсіподақ комитетінің жиналыстарының бірінде мені осы комитеттің төрағасы етіп сайлады. Ол кезеңде партия, комсомол ұйымдары тарап үлгерген. Сондықтан жаңа оқу орнына келген оқытушылар легі алдымен осы ұйымға бас сұғатын.

Кәсіподақ комитетінің басты міндеті - жаңадан келгендерді жатын орынмен қамтамасыз ету, оқытушылардың тұрмыстық жағдайын жасау. Студенттердің бос уақытын тиімді өткізуге көңіл бөлу болатын.

Сол кезеңде оқытушы-профессорлар үшін тұрғын үй салу жұмыстары да қарқынмен жүрді. Бұл - барлық тауардың құны күрт өсе бастаған кезеңі еді. Сондықтан

да біз оқытушылар үшін аса қажетті тоназытқыш, телевизор, кілем т.б сияқты заттарды көбірек алуға күш салдық. Алғашқы пәтерлерді бере бастадық. Алғашқы сабақ та басталды.

Ұлы ойшыл Ахмет Ясауидің есімімен аталатын жаңа оқу орны аяғынан тік тұрды. Ахмет Ясауидің рухымен жігерленген ұжым да алғашқы қиын кезеңнен өтіп, үлкен істі алға алып кетті. Кезінде осындай игі істердің бел ортасында жүргенімді өмір бойы мақтан етемін!

А.П.Абуов - т.ғ.д., профессор

(«Бес жыл – бес белес» кітабынан)

ТҮРКІСТАНДЫ ТҮЛЕТУГЕ КЕЛГЕНБІЗ

...1991 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтында «Тарих» факультетінің деканы қызметін атқарып жүрген кезім болатын. Сабағымды өткізіп болған соң, «ректор шақырады» дегенге бардым.

Институт ректоры, М.Ф.Арынов Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде, алдында ғана Алматыдан сессиядан келген болатын. Ол кісі: «Түркістан қаласында университет ашылатын болыпты. Түркістанды түлету-қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртудың алғашқы баспалдағы»-деді. Ол кісінің ойын бәріміз құптадық. Соңынан мені алып қалып: «Алматыға Есет бауырдың сағанасының жобасын алып келуге барып қайт, дайын болыпты»- деді.

Ертеңіне жоспар-құжаттарымды реттеп, Алматыға ұшып кеттім. Келген жұмысымды ойдағыдай бітірген соң, ағайын-туыстарыма соқтым. Келсем бәрі де, «Ақтөбе алыс, елге қарай ауыс, университет ашылайын деп жатыр, оны сен сияқты азаматтар құрмағанда кім құрады» деді.

Кешке туысым Тынысбектің үйіне қондым. Ол айтты: «Сенің зерттеп жүрген тақырыбың - «Түркістан

халықтарының қарым-қатынасының тарихы», сондықтан, Түркістанға ауысқаның дұрыс», - деді. Ауысуға іштей бекініп, оның ректоры болатын М.Жұрынұлының алдынан өтуді ойладым.

Бұл ойымды жолығып, Мұхаңа айтқанымда, ол кісі, әрине болады, бірақ сен келінмен келістің бе? - деп әзілмен шығарып салды. Ақтөбеге келіп, Мұхтар ағаға болған жайдың бәрін, сонымен қоса «ауылға қарай ат басын бұрсам» деген ойымды да айттым. Ол кісі ойлап отырып: «Түркістан университетінің іргетасын қалаушылардың бірі болғың келіп отыр ғой, барсаң осы қазығын қағып жатқанда бар, қарсылығым жоқ», - деп батасын берді.

1991 жылдың маусымында Түркістанға келіп, ертесіне қолыма жұмысқа қабылданғаным туралы №1 бұйрықтың көшірмесін алдым. Түркістанды түлетуге осылай келген едік.

(С.Мадуанов - ф.ғ.д., профессор)

(«Бес жыл – бес белес» кітабынан, 1996)

ТЕЛЕДИДАР АЛДЫНДА ТЕЛМІРМЕШІ, ТЕНТЕГІМ!

Қазіргі таңда көгілдір экрансыз адам өмірін кезге елестету мүмкін еместей көрінеді.

Теледидар, компьютер, смартфон, ұялы телефон адам өмірінде байланыс құралы, ақпарат көзі ретінде қолданысқа кеңінен еніп кетті. Пандемия кезінде үйден шықпай отырғандықтан теледидар алдында тапжылмай отыруға мәжбүр болдық. Тіптен балаларға дейін теледидардан немесе смартфоннан онлайн сабақ оқыды. Мектеп жасындағы балаларға бұрынғы теледидарды көп көре берме, телефонмен ойнама деп ұрысатын болсақ, карантиннің әсерінен телефонды қос, теледидарға қара деп қадағалауға көштік. Телефон мен компьютерден келетін зиян айтпаса да түсінікті. Ал көпшілік қауым әрбір үйдің төрінен орын алған көк жәшіктің де пайдасымен қатар зияны да барын біле ме екен?!

Экранға жақын отыру бізге зиян емес деп ойлаймыз. Деректерге сүйенсек, теледидардан келер қауіп-қатер жеткілікті екен. Үлкендерге қарағанда балаларға келетін қауіп-қатер жоғары деңгейде дейді мамандар. Соңғы 20 жылда балалар мен жасөспірімдердің арасындағы тұйықтық індеті (белсенділік жоқ) артып келеді. Тіптен тыныштандыру үшін бала-бақшадағы балаларға дейін мультфильмге алдандырып қоямыз. Сағаттап теледидар алдында тапжылмай отырған балалардың көру қабілеті де төмендеп кетеді.

2004 жылғы «Педиатр» журналының зерттеу қорытындысы бойынша, теледидар алдында отырып, мезгіліне 3-4 сағат жұмсайтын баланың назар аудармау (ADD) ауруына ұшырау белгісі 30%-ға артатын көрінеді.

Көгілдір экраннан келетін кесел көп болмақ. Электрлік магнит өрістерінің әсерінен тез шаршау, ашушаңдық, ұмытшақтық, ұйқының бұзылуы деген кеселдер шығады. «Бұлар теледидардың әсерінен болады» деп адамдар ойламайды, өйткені көгілдір экранның әсері білдіртпей бойды алатынын дәлелдеп шығады мамандар.

Мына бір қызыққа қараңызшы?! Америкалық зертханалардың біріндегі көртышқандар ұстайтын көрші бөлмеге теледидар қойып, ғалымдар бақылауға алған. Әдетте, орта есеппен 12 баладан табатын көртышқандар теледидар пайда болғаннан кейін бір-екі баламен ғана шектелген, олардың өзі өліп қала берген. Компьютер алдында (1 сағат) жұмыс істеген адамда монитордың электромагниттік сәулесінің әсерінен гармоналдық жағдайы әлсірегені және ми биотоктарының біршама өзгеретіні анықталған. Қанның құрамы онкологиялық ауруға шалдыққандардың қанына ұқсайды. Әйелдердің эмоциялық жағдайына және өтіне қатты әсер етсе, еркектердің гормондары әлсіреп, потенциясы төмендейді. Теледидар да осылай әсер етеді. Көгермендердің көздері шаршап, ауырады, бас ауруы пайда болады, ұйқы бұзылады, ағзаның психофизикалық жағдайы бұзылады. Теледидарды күніне 3 сағаттан артық көруге болмайды. Теледидарды 2 метр қашықтықта көрген дұрыс. Теледидар алдында отырып тамақ ішуге болмайды, асқазан сөлі дұрыс бөлінбейді гастрит ауруы қозады. Ұйықтайтын бөлмеге теледидар, компьютер қоюға болмайды.

Заман талабына сай жаңашылдық та керек. Бірақ бұл құралдарды шамадан тыс қолдануға болмайды. Сағаттап теледидар тамашалап, одан қала берсе телефонға үңіліп отырған балаларымды бір мезгіл таза ауада ойнап келуге жіберемін. Біршама уақыттан соң бақылап қарасам, ауада топтасып алып, телефонға тағы да телміріп отырған балғындарды көремін. Техникалық құралдардан көзі демалып, ойы сергісін деген балапандарым сыртта да телефонның ішіне кіріп алып, сыртқы әлемді ұмытып отырады. Асық ойнап алысып, доп қуып жүрген жеткіншектерді сирек көремін.

Әр нәрсені ережеге сай көруге, ұстауға дағдыланса, денің сау болады.

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Öğrenci sporcularımızı ödüllendirilmiştir

“Türkistan-Arena” Merkez Stadyumda Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi öğrenci-sporcuları için ödül töreni düzenlenmiştir.

Etkinliğe Üniversite Rektörü, Türkistan Bölgesel Judo Federasyonu Başkanı Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekili Cengiz Tomar, Türkistan Bölgesi Beden Eğitimi ve Spor Bölümü Başkanı K. Joldıkaraev ve onun yardımcısı A. Berdaşev ile antrenörler ve sporcular katılmıştır.

Hamza Didar, Sevara Nişanbaeva, Nuridin Erahın ve Perizat Jakıpbekova, Aktau'daki judo şampiyonasına katılarak zafer kazanmışlardır. Üniversite Rektörü, Judo Federasyonu Başkanı Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekili Cengiz Tomar, öğrencilerimizi tebrik ederek ödüllendirmişlerdir.

Toplantıda Rektör B. Abdrasilov, Mütevelli Heyet Başkanı M.Şimşek'in şampiyon ve antrenörlere tebriklerini iletmiş, ardından üniversite yönetimi adına teşekkür mektupları ve para ödülü sunmuştur.



KURUMSAL AKREDITASYON SONRASI MONITORING

24 Aralık 2020 tarihinde Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi'nde ilk kez çevrimiçi ortamda “Bağımsız Akreditasyon ve Derecelendirme Ajansı” (IAAR)'nın komisyonu çalışması gerçekleştirildi.

Bu bağlamda, Bağımsız Akreditasyon ve Derecelendirme Ajansı 29 Aralık 2020 tarih ve 9157 sayılı yazısı uyarınca üniversite, kurumsal akreditasyon sonrası izlemenin başarılı bir şekilde uygulandığını duyurmaktadır.

Üniversite, bu başarıya katkıda bulunan eğitim kurumu çalışanlarına sonsuz minnettarlığını ifade eder.

Akademik İşler Bölümü



REKTÖR, TÜRKİYE'DEKİ DOKTORA ÖĞRENCİLERİMİZLE ONLINE OLARAK GÖRÜŞMÜŞTÜR

Rektör, yurt dışında staj programı kapsamında Türkiye'de öğrenim gören doktora öğrencileri ile online görüşme gerçekleştirmiştir. Şu anda ekoloji, bilgisayar mühendisliği, tıp gibi uzmanlık alanlarında yaklaşık 18 doktora öğrencimiz yurtdışında bilgilerini geliştirmekte olup Gazi Üniversitesi, Hacı Bayram Veli Üniversitesi, Erciyes Üniversitesi gibi Türkiye'nin büyük üniversitelerinde araştırmaları gerçekleştirmektedir. Online toplantı sırasında rektör, Ahmed Yesevi Üniversitesi gelişimi, doktora öğrencilerinin araştırma çalışmaları ile ilgili yeni gereksinimler hakkında yeni bilgiler sunmuştur. Ayrıca eğitim ve bilim alanında uluslararası işbirliğinin gelişimi ve üniversitemizde kariyer olanakları söz konusu olmuştur.



YURTDIŞINDA EĞİTİM ALMA FIRSATI

Bugün, rektör Bolatbek Abdrasilov, öğrencilerle çevrimiçi olarak görüşmüş ve bahar döneminde eğitim sürecinin organizasyonu hakkında konuşmuş, seyircilerin sorularına cevap vermiştir.

Bu yarıyılıda tüm uzmanlık alanlarından 1. sınıf öğrenciler üniversiteye gelecekmiş. Bazı fakülerin 2, 3 ve 4 sınıf öğrencileri de beklenecektir.

Yabancı öğrenciler uzaktan eğitime devam edecekmiş. Üniversitede sadece Kazakistan'da bulunan yabancı öğrenciler okuyacaklarmış.


Kış tatili bir hafta uzatılmış. İkinci dönem Şubat 2021'de başlayacakmış.

Mezuniyet kursundaki uygulama stajı 18.01.2021 tarihinde başlayacakmış.

Derslerin ve seminerlerin çoğu uzaktan yapılacak. Özellikle pratik, laboratuvar çalışmaları karma formatta yürütülecektir.

Yatakhane ve eğitim binalarında eğitim süreci % 50 doluluk oranı ile yapılacaktır.

Şu anda, genel sıhhi ve epidemiyolojik gerekliliklere uymak için katı önlemler alınmıştır. Öğrenciler sınıfa maske takmalıdır. Maskesiz binaya giriş yasaktır. Binanın girişinde temassız termometreler ile sıcaklık kontrolü yapılacak ve antiseptik uygulanacak. Bütün tesisler düzenli olarak dezenfekte edilecektir.



Kutluyoruz!

Üniversitemizin öğretim elemanları, “Bilimde Ödüller ve Devlet Bursları” yarışmasında birinci olup burs kazanmışlardır.

Eylül ayında, Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı Bilim Komitesi, bilim alanında devlet bursu almaya yönelik çalışmalarını kabul etmiştir. Burslar ve ödüller şu alanlarda verilmektedir: “Bilim alanında ödül”, “Bilim ve teknolojiye önemli katkılarda bulunan bilim adamları ve uzmanlar için burs” ve “Yetenekli genç bilim adamları için burs”. Yarışma sonuçlarına göre, Kazakistan Cumhuriyeti Hükümeti ve Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanı kararları üzerine üniversitemizin 3 bilim adamına burs verilmiştir. Bunlar arasında: Prof.Dr.Kamalbek Berkimbaev, Doç.Dr.Guljamal Joraeva, Doç.Dr. Aziza Sızdikova. Yarışma sonuçlarına göre, ülkenin 40’a yakın üniversitesinden öğretim elemanları burs kazanırken, üniversitemiz toplam bursiyer sayısı içinde dördüncü oldu. Bursiyerlerimizi içtenlikle kutluyor, yeni başarılar diliyoruz!



2020 ЖЫЛҒЫ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ СТИПЕНДИЯЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

ГҮЗЕЛ САНАТЛАР БӨЛҮМҮНҮ БАШАРИЛАРИ



Üniversitemiz, Rukhani Zhagyru Programı çerçevesinde önemli başarılarla ulaştığımız 2020 yılının sonlarına doğru, Aktobe'deki Zhubanov Üniversitesi'nin 85 yıldönümü vesilesiyle, kültürel ve ulusal gelenekleri canlandırmak ve yetenekli sanatçıları desteklemek amacıyla “ART-YURTA” Uluslararası Sergi ve Yarışması düzenlenmiştir. Üniversitemiz Güzel Sanatlar Bölümü Doç. Dr. Yerjan Auelbekov, bu etkinlikte “Uygulamalı Sanat” adaylığında 1. oldu. Rehberliğinde yarışmaya katılan yüksek lisans öğrencisi Kaliya Mamiraim 2-ci olup, öğretmen Murat Şahanbaev ise üçüncü olmuştur.

M. Şahanbaev ve onun öğrencisi

Dier Nişanov, Türkistan'da düzenlenen “Uyuşturucuya Karşı Gençlik” adlı online poster yarışmasında 1. olup ikincilik ise Doç. Dr. J.Beysenbekov başkanlığındaki Ulbosin Asylhan tarafından kazanılmıştır.

Taybek Nazerke, Nur-Sultan'da “Alash Sanat Merkezi” tarafından düzenlenen XI Uluslararası Sanat Yarışması “Alashstar” ın ödülünü kazanmış ve uluslararası yarışmaya katılma fırsatına sahip olmuştur. Bilimsel danışmanı M. Shakhanbaev'e de bir onur belgesi verilmiştir.

Başkurdistan'daki Başkurt Devlet Üniversitesi tarafından düzenlenen Uluslararası Yaratıcılık Yarışmasında E. Auelbekov birinci olmuştur. İkinci ise öğretmen E. Mambetaev ve M. Aydarşa

olmuştur. Yine bu yarışmada, ancak farklı bir adaylıkla öğrenci M. Kairat birinciliği alarak üniversitemizin otoritesini güçlendirmiştir.

Ayrıca, Kazakistan Cumhuriyeti eğitim ve biliminin gelişimine katkılarından dolayı Prof. Medeubek Tanirbergenov'a madalya verilmiştir. M. Tanirbergenov, Cumhurbaşkanı Kasım-Jomart Tokayev tarafından başlatılan “Üstün Yetenekli Öğrencilerin Açığa Çıkarılması ve Geliştirilmesi” projesi çerçevesinde düzenlenen “Kazakistan Öğretmenlerinin Altın Kitabı” yarışmasında 1. derece diploma aldı.

Gülнар Abdullayeva, Uluslararası Gelişim Merkezi tarafından öğrenciler ve genç araştırmacılar için düzenlenen “V Uluslararası Araştırma ve Projeler Yarışmasına” katıldığı için ödül aldı.

Geçen yılın sonunda, Avrasya Tasarımcılar Birliği (Nur-Sultan şehri), Profesör E. Auelbekov'a uygulamalı sanatlara yaptığı katkılardan dolayı madalyası vermiştir.

Spor ve Sanat Fakültesi öğretmenlerini, sanatçıları ve öğrencilerini kutluyoruz! Onlara yeni başarılar diliyoruz!

ÖĞRENCİLERİMİZDEN İKİSİ – “YILIN EN İYİ ÖĞRENCİSİDİR”

Yıl güzel haberlerle başladı. Üniversitemizin iki öğrencisi bu yıl en iyilerden biri oldu. Sosyal Bilimler Fakültesi Gazetecilik Bölümü 2. sınıf öğrencisi olan Bekturova Sandugaş, Kazakistan Cumhuriyeti'nin gençlik politikasına yaptığı katkı, yetenek ve liderlik özelliklerinden dolayı “Yılın En İyi Öğrencisi” madalyasını kazanmıştır. Öğrencimiz Sandugash'ın çalışmaları, Ulusal İnovasyon Araştırma Merkezi “Bilim-orkenieti” ve En İyi Öğrenciler Akademisi tarafından ülkenin gençliğini desteklemek için Uluslararası Proje “EN İYİ ÖĞRENCİ” çerçevesinde düzenlenen yetenekli öğrencilerin “Kazakistan'ın En İyi Öğrencisi 2020” koleksiyonuna dahil edildi.

Hazırlık bölümü öğrencisi Bekbolat Tleubergen, “Asıl Mura” programında en iyi genç gönüllü seçilerek “2020 En İyi Öğrenci” ödülüne layık görüldü. Geçen yılın Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı K. Tokayev tarafından “Gönüllüler Yılı” ilan edilmiştir ve bu nedenle gönüllüleri desteklemek için ödüller 12 alanda teslim edilmiştir “Yılın En İyi Öğrencileri” ödülü 10 yıldır yapılıyor. On sene içinde yaklaşık 200 genç lider ödüllendirildi.


En iyi iki öğrencimizi tebrik ediyor ve onlara gelecekte en iyisini diliyoruz!



100 KİTAP'TAN BİRİ ÜNİVERSİTEMİZDE TERCÜME EDİLMİŞTİR ARALIK 29, 2020

Kazakistan Cumhuriyeti Birinci Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in “Geleceğe Bakış: Kamu Bilincinin Modernizasyonu” çerçevesinde “Kazak dilinde 100 yeni ders kitabı” projesini uygulamak için Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Kamu Yönetimi ve Ekonomi Yüksek Okulu Kamu Yönetimi ve Bölgesel Kalkınma Programı Başkanı Hayrulla Masadikov tarafından İngiliz profesör Anderson E. James'in 448 sayfalık kitabı “Kamu Politikası” Kazak diline çevrilmiştir.

Kamu Politikası Temelleri hakkındaki bu çalışma, politika geliştirme ve kanun yapma konularına odaklanmaktadır. Kitap, çeşitli faktörlerin sorun belirleme, gündem belirleme ve kamu politikası oluşumunu nasıl etkilediğini analiz ediyor. Her bölümde, temel kavramları ve fikirleri tartışır ve uygulamalarını belirli örneklerle analiz edilir. ABD kamu politikası süreçlerine odaklanan bu yayını, ekonomik kriz bağlamında karar vermeyi ve Obama yönetimi ile Bush yönetiminin kamu politikasını şekillendirmedeki özelliklerini karşılaştırıyor. Ders kitabı, siyaset bilimi öğrencileri ve kamu politikası hakkında daha fazla bilgi edinmek isteyen genel okuyucular için hazırlanmıştır. Kazakistan'daki tüm üniversite kütüphanelerinde değerli bir yer tutan, çevrilen kitabın 10.000 adet basıldığını belirtmemiz gerekir.



ТҮРКІСТАН

«МЕН САҒАН ӨЗ ҚАЛАҢДЫ КӨРСЕТЕМІН» ЖОБАСЫ ТҮРКІСТАНДА



Талантты фотограф Илья Афанасьев өз ісінің нағыз шебері. Фотография саласында он жылдық тәжірибесі бар Илья, кәсіби білікті маман ретінде әлемнің көптеген елдерінде арнайы көрмелерін де көпшілік назарына ұсынып, жоғары дәрежеде марапатталып келеді. Илья Афанасьев «Nikon Kazakhstan» амбассадоры, заманауи фотосуреттер мектебі ҚБ басқарма төрағасы, танымал туризм фотографы. Шығармашалық пен кәсібилікті ұштастыра отырып, еліміздің табиғаты мен тарихи танымы мол жерлерін кадрға ала жүріп, бүгінгі таңда үздік бағалануда. Үнемі жаңашылдық пен ізденіс үстінде жүретін кәсіби білікті маман, білгені мен өзіндік құпияларын жас фотографтарға үйретіп те жүр. Арнайы жобалар аясында бүгінгі таңда қаншама шәкірттердің қызығушылығын оятып, білімдерін шыңдауда. Естеріңізге сала кетейік, қазан айының 19-25 күндері аралығында Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен «Visit Turkestan» орталығының бірлесіп ұйымдастырумен «Өз Түркістаныңды көрсет» әлеуметтік жобасы аясында туристік, сәулет және қалалық фотография саласындағы кәсіби түсірілім бойынша университет жастарына шеберлік сабағын (мастер класс) өткізген болатын. Ондағы мақсат, күн санап өсу мен көркею жолындағы тарихы терең Түркістанды жаңа қырынан түсіру мен жаңаша көрсету еді. Сонымен қатар, өңіріміздің керемет ғимараттары мен тарихи орындарын фотоға түсіріп, әлеуметтік желіде әлемге таныту. Жоба аясында студенттеріміз қала бойынша арнайы фото серуендеу кезінде теория мен тәжірибе курсынан өтті. Шеберлік сабағында «Әлемдегі ең танымал

фотографтар», «Кімге назар аудару керек?», «Қандай жанрды түсіру керек?», «Жарықтандыру бойынша шеберлік сағаты», «Туристік фотография» бойынша тың мәліметтерді ала отырып тәжірибе жүзінде жасап көрді. Үздік фотосуреттердің авторлары жоба серіктестерінің сертификаттары мен арнайы сыйлықтарына ие болған болатын.

Шығармашылықтың адамы Илья өз кадрларында бірінші кезекте шынайылықты көрсете алады. Табиғат болсын, жеке портрет немесе жәй ғана іс-әрекетті түсіруде де жалпыға ортақ түсінікті көрсете біледі. Әр мамандықтың өзіндік қиындықтары болса, фотография саласының қиындығы өз алдына бір бөлек. Себебі, Ильяның фотоларында аязды қыстың, аптап ыстықтағы жаздың, сарғайған сары күздің, көкмайса көктемнің әрбір маңызды сәттері көздің жауын аларлықтай әсер береді. Фото өнерін жай ғана қызығушылықтан бастап, талай жылғы тәжірибе мен еңбектің арқасында үлкен биіктен көрініп жүр.

Айта кетейік, алдағы уақытта талантты да танымал фотограф Илья Афанасьевтің шеберлік сабағын (мастер класс) студенттерге арнап тағы да өткізу жоспарда бар.

Бүгінгі сурет ертеңгі тарих. Еліміздің келбеті мен көрікті жерлерінің сәтті кадрларының иесі Илья Афанасьевқа алдағы уақытта үлкен жетістіктер мен сәттіліктер тілейміз.



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Ақпарат орталығы:

Тілшілер:
Бекжігіт СЕРДӨЛІ
aksari@mail.ru

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.